Жүсіп Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зиянын туралы айтқандарын тарқатыңыз.

Жүсіп Баласағұнның „Құтты білік" дастаны - түркі дүниесінің рухани-этикалық бағдарын айқындайтын көркем шығарма. Ақын бұл еңбегінде ел басқару, адам мінезі моральдық құндылықтармен қатар, білім мен ақылдың қоғамдағы және жеке адам өміріндегі маңызын терең пайымдайды. Баласағұн үшін білім-уақытқа тәуелді емес, жойылмайтын, адамды кемелдікке жеткізетін ең асыл байлық.

Ақын білімді материалдық дүниеден жоғары қояды. Өйткені дүние-мүлік азаюы мүмкін, ал білім сарқылмайды. Осы ойды Жүсіп Баласағұн нақты тұжырымдайды:

„Білім-байлық, азаймас һәм жоғалмас".

Бұл жолдардан ақынның білімді ұрпақтан-ұрпаққа мұрас болып қалатын рухани қазына деп танығаны айқын көрінеді.

Білім мен ақылдың адам өміріндегі рөлін сипаттауда ақын көркем теңеулерді шебер қолданады. Ол ақылды қараңғылықты жарық қылатын күшке балайды:

„Ақыл-шырақ, қараңғыны жарық етер,
Білім-нұр, жолыңды анық көріктетер"

Мұнда надандық-қараңғылық, ал білім-сол қараңғылықтан шығар жол ретінде көрсетілген. Ақын білімсіз адамның өмір жолында адасатынын ашық айтады.

Жүсіп Баласағұн надандықты адамды қор қылатын қауіпті құбылыс ретінде бағалайды. Оның пікірінше білімсіздік адамды өзіне қарсы қояды:

„Надан адам-өзіне өзі жау".

Бұл тек жеке адамға емес, тұтас қоғамға қатысты айтылған ой. Себебі надандық үстем болған жерде әділдік те, парасатта болмайды.

Дастанда тіл мәдениетіне ерекше мән береді. Баласағұн тым көп сөйлеу де, мүлде сөйлемеу де дұрыс емес екенін ескертіп, тілге ұстамды болуға шақырады:

„Тілді тый, тіліңді бақ-басың аман,
Артық сөз-бас болар, сақтан адам."

Ақын үшін сөз-аманат, ал тілге жауапсыз қарау адамды опық жегізетін қателік.

„Құтты білікте" адам бойындағы зиянды мінездер де нақты

айтылған. Ақын оларды „бес дұшпан" деп көрсетіп, одан аулақ болуды өсиет етеді:

„Бес нәрседен қашық жүріп отағы:
Бірі сараң, бірі-ашығу дыз етіп,
Бойын-ашу, ұста ойны күзетіп,
Төртінші - тоңмойындық бірбеткей,
Бесінші - жалған айту құр кетпей.."

Бұл мінездерден сақтайтын негізгі күш - білім мен ақыл екені дастанның өн бойында айқын сезіледі.

Қорыта айтқанда, Жүсіп Баласағұн „Құтты білік" дастаны арқылы білімді азаймас, жоғалмас байлық ретінде танытады. Ақын үшін білім - адамды надандықтан сақтайтын қорған, ал ақыл - өмір жолын жарық қылатын шам. Сондықтан да білімге ұмтылу тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның дамуының кепілі.